

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «№1 мектеп-лицейі» КММ, Ғалым Жарылғапов атындағы Аграрлық колледжі» КММ арасындағы өзара ынтымақтастық туралы

МЕМОРАНДУМ

19 сәуір 2024 жыл

«№1 мектеп-лицейінің» КММ (бұдан әрі- Личей) атынан Жарғы негізінде әрекет ететін лицей директоры- Изтулеуов Дәурен Досымович және «Ғалым Жарылғапов атындағы Аграрлық колледжі» КММ директоры Гульнара Газымовна Адылхановна (бұдан әрі- Колледж), бұдан әрі Тараптар, осы туралы Меморандум жасасты:

1. Меморандумның мәні

«Лицей-Колледж» меморандумының мәні- мемлекетке шұғыл түрде инженерлік- техникалық кадрлық қажеттіліктерді болжаудың және дайындаудың жаңа тірек нүктелері, ал мектеп бітірушілер мен олардың отбасыларына болашақ мамандық таңдауын ақпараттандырылған түрде, ең бастысы, саналы түрде жасауға мүмкіндік беретін ынтымақтастық іс-әрекеттерді қалыптастыру. Инновациялық білім беру және ғылыми қызмет саласындағы ынтымақтастық, дарынды балаларды анықтау және қолдау, болашақ мамандарды сапалы даярлау үшін оқу үрдісінде үштік оқыту жүйесінің элементтерін енгізу, қосымша білім беру және ғылыми бағдарламалар мен жобаларды іске асыру, білім алушыларды ерте кәсіптік бағдарлау жүйесін дамыту, іс- тәжірибеден өткізу арқылы «Лицей- Колледж» білім беру кластерінің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу.

2. Меморандумның негізгі бағыттары

2.1. Тараптар меморандумының негізгі бағыттары:

2.1.1. Оқушылар мен білім алушыларды тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ететін интерграцияланған оқу жоспарларын, білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды бірлесіп әзірлеу;

2.1.2. Оқушылар теориялық білімді және негізгі түсініктерді мектеп қабырғасында игеріп, ЖОО зертханаларында ғылыми қызметкерлер жетекшілерімен тәжірибе ретінде меңгеріп, әлеуметтік сынақтар мен тәжірибеден өтеді;

2.1.3. Колледждің мектеп оқушыларын ерте кәсіптік бағдарлау мен жаратылыстану- математика, инженерлік-техникалық мамандықтарды насихаттау;

2.1.4. Инновациялық педагогикалық технологияларды жинақтауға, таратуға және енгізуге жәрдемдесу;

- 2.1.5. Жалпы және қосымша білім беру саласында бірлескен ғылыми әдістемелік зерттеулер жүргізу;
- 2.1.6. Қазіргі заманғы білім беру ұйымдарының талаптары мен ерекшеліктеріне жауап беретін мамандарды даярлау;
- 2.1.7. Білім беру процесіне ғылым мен техникалық инновациялық жетістіктерін енгізу;
- 2.1.8. Білім беру, ғылыми және әдістемелік сапаларды инновациялық қызметті бірлесе жүзеге асыру;
- 2.1.9. Ұйым базасында оқушылардың, колледж қызметкерлерінің және мектеп мұғалімдерінің тағылымдамалары мен практикаларын ұйымдастыру мәселелері бойынша Тараптар арасында тұрақты әріптестік өзара қарым- қатынас орнату.
- 2.1.10. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігінің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыру;
- 2.1.11. Жалпы білім беру саласында кәсіби пікірталас алаңын ұйымдастыру;
- 2.1.12. Озық тәжірибемен алмасу жүйесін қалыптастыру, соңғы оқу және ғылыми жетістіктерді тарату;
- 2.1.13. «Лицей-Колледж» білім беру кластерінің жұмыс істеуі үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
- 2.1.14. Колледж қызметкерлері лицейлік сыныптың оқу жоспарының вариативті бөлігін Колледж базасында ұйымдастырады, сынып оқушыларының ғылыми жобаларының жетекшісі қызметін атқарады.
- 2.1.15. Ынтымақтастықтың бағыттары мен нысандарының тізбесі түпкілікті болып табылмайды және тараптардың келісімі бойынша кеңейтілуі және толықтырылуы мүмкін.

3. Тараптардың міндеттері

3.1.Тараптар:

- 3.1.1. Жалпы және қосымша білім беру саласындағы бірлескен білім беру жобалары мен бағдарламаларын іске асыруға тәртіппен жәрдемдесу; бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру үшін қажетті заңды және нақты іс-қимылдарды уақытылы және толық көлемде орындау;
- 3.1.2. Өздерінің иелігінде ақпараттық ресурстармен заңнаманы сақтай отырып алмасу;
- 3.1.3. Меморандум бағыттарын іске асыруға байланысты мәселелерді жүйелі түрде талқылау;
- 3.1.4. Осы меморандумды іске асыру процесінде туындайтын проблемаларды қарау, олар бойынша келісілген шешімдерді қабылдау.

4. Қорытынды ережелер

- 4.1. Осы меморандум тараптардың өзара қаржылық шарттарынсыз жасалған;
- 4.2. Осы меморандумды іске асыру шеңберінде тараптар зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтарды қорғауды қамтамасыз етеді;
- 4.3. Осы меморандумның шарттарына енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар қосымша келісімдермен рәсімделеді және екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді;
- 4.4. Осы меморандум тараптар қол қойған күннен бастап 3 жыл ішінде жарамды;
- 4.5. Осы меморандум оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кез келген тараптың өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін. Тарап екінші Тарапты Меморандумды тоқтату ниеті туралы Шартты бұзу күніне дейін бір айдан кешіктірмей хабарлауға міндетті;
- 4.6. Осы меморандум мәтіні бірдей құқықтық күшке не 2 данада қазақ тілінде жасалды және Тараптардың әрқайсысы бір данадан сақтайды.

5. Тараптардың мекен-жайлары мен реквизиттері

«Лицей»

«№1 мектеп-лицейі» КММ
200100, ҚР, Ұлытау облысы,
Жаңаарқа ауданы, Байдалы би
көшесі 11/2.

БСН 221140006228

Телефон: 2-79-31

Сайт:

<https://zhanaarka.goo.kz/index/fromorg/76>

Директор



Д.Д.Изтулеуов.

«Колледж»

«Ғ.Жарылғапов атындағы
Аграрлық колледж»КММ
200100, ҚР, Ұлытау облысы,
Жаңаарқа ауданы,Б.Күжікенов
көшесі 1

БСН: 970540000424

Телефон:2-74-98

Сайт: Zhana-agr-kol@krg-edu.kz

Директор



Г.Г.Адылханова.